

Мектепалды даярлық 0 «А» сыныбының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «№ 74 ЖОББМ»КММ

Топ: Мектепалды даярлық 0 «А»

Балалардың жасы: 5-6 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 29.05 – 31.05. 2022-2023 оқу жылы

(апта күндерін, айды, жылды көрсету)

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 29.05	Сейсенбі 30.05	Сәрсенбі 31.05	Бейсенбі	Жұма
08:30-09:00 Балаларды қабылдау	Балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.Балаларға қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме,баланың жеке пікірін білдіруіне қосыла отырып, оны не қызықтыратыны туралы. Денсаулық мәселелері бойынша ата-аналармен әңгімелесу; консультациялар.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен денсаулық мәселелері, балаға үйде күтім жасау, білім алу, даму және жетістіктер туралы әңгімелесу, кеңес беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (роботехника құралдары, шашка). Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау, Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау) Заттық-кеңістіктік дамытушы ортамен жеке жұмыс				
	Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын әрекеті (үстел үсті ойындары пазлдар, домино және т.б.); Үстел үсті ойындары: «Гүлді түсіне қарай жинау» ойнау. Мақсаты: Түстерді ажырата білу, көктем туралы білімдерін толықтырып, гүлдердің түрлерімен таныстыру. Гүлдердің атауларын, сырт келбетін, жеке бөлшек атауларын айтуын, оларды баптап, күту ережелерімен таныстыру. Әдістемелік нұсқаулар: Үстел үстінен Жасырын тұрған қай түсті атасам жерде шашылып жатқан гүлдердің ішінен сол түсті тауып көрсетілген түске әкеліп саласындар , біз	Жапсыру– шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті Үстел үсті ойындары: «Жылан» Мақсаты: Жорғалаған жыланға сипаттама бере отырып таныстыру. Жыланның тіршілігі, қозғалуы туралы ұғым қалыптастыру. Табиғаттағы тіршілік иелеріне деген қызығушылығын оята отырып қамқор болуға тәрбиелеу. Алақанмен илеп бөліктерге бөліп, қоса білу. Ермексаздың өзіндік ерекшеліктерімен таныстыру, тегістеу, тарту, әдіс бойынша жаттықтыру ұсақ қол моторикасын дамыту. Әдістемелік нұсқаулар:	Дене шынықтыру - коммуникативтік, ойын әрекеттері, қимыл белсенділігі (іс әрекет арқылы қимылды ойын) Ойын: «Апта күндері» Мақсаты: Апта күндерді есте сақтау. Апта күндерін рет-ретімен айта білуге дағдыландыру. Әдістемелік нұсқаулар: Тәрбиеші балалардың мынаған келісіп алуын өтінеді. Бір таңба бар тәж аптаның бірінші күні дүйсенбі, екі таңба бар тәж аптаның екінші күні сейсенбі және т.б. білдіреді. Балалар апта күндерінің атын хормен қайталайды. Тәрбиеші 7 баланы шақырып оларға тәждерді таратып береді. Шақырылған балалардың әрқайсысы тәжбен таңбаның		

түстерді ажырата біледі
екенбіз балалар.





Ойынға балалардың
барлығы қатысады. Олар
бір-бірінің белдерінен
ұстап жылан сияқты
ирелең дейді, бірде тоқтап
орнында қалуы тиіс.

Ықтимал

күрделендірулер:

Жыланға ұқсап жүру. Өз
ойларын еркін
жеткізу. Жыланның қалай
ысқыратынын еске түсіру.

Ойынның нұқсаулары:



санына қарап: “Сабыр –
сәрсенбі”, “Мен –
жұмамын” және т.с.с. дейді.

Ықтимал күрделендіру:

Тәрбиеші аптаның кез-
келген күнінің атын
дауыстап атайды. Білетін
бала алдына шығып тұрады.
“Апта күндері, сапқа
тұрыңдар” деген бұйрық
берілісімен, басқа балалар
оның қатарына дұрыс
ретпен сапқа тұруы тиіс.

Ойынның нұқсаулары:

Тәрбиешінің белгісі
бойынша жұмысты бастау.



1 2 3 4 5 6 7 8 9 10



Танертенгі жаттығу	№ 56 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК Ұзын жіппен жаттығулар орындау. № 1 жаттығулар кешені 1.Б.қ. : түзу тұру, 1 – қолдарын жоғары көтеріп, таспаны бір қолынан екінші қолына береді. 2– қолдарын екі жаққа айналдыра отырып, төмен түсіреді (8 рет). 2.Б.қ. : түзу тұру, қолдары төменде. Таспаны жанына қарай созып, денені оңға (солға)бұрады (8 рет). 3.Б.қ. : түзу тұру, алдыға еңкею, таспаны бір қолынан екінші қолына оң (сол) аяғыныңартынан беру (8 рет). 4.Б.қ. : өкшелеп отыру. Тізесіне көтеріліп, оң (сол) қолдарын жоғары сермейді. Б.қ. қайтакеледі (8рет). 5.Б.қ.: қолдарымен артқа тіреліп отыру, аяқтарын түзу ұстайды. Екі аяғын бірдей бүгіп,таспаны қолдан-қолға ауыстырады. Аяқтарын қайта түзейді. (8 рет) 6.Б.қ. Етпетінен жату. Денесінің алдыңғы жағын көтеріп, қайта түсіреді. (Екі	№ 57 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК Жолдорбамен жаттығулар орындау № 1 жаттығулар кешені 1.Б.қ. : түзу тұру, 1– қолдарын жоғары көтеріп, таспаны бір қолынан екінші қолына береді. 2– қолдарын екі жаққа айналдыра отырып, төмен түсіреді (8 рет). 2.Б.қ. : түзу тұру, қолдары төменде. Таспаны жанына қарай созып, денені оңға (солға)бұрады (8 рет) 3.Б.қ.: түзу тұру, алдыға еңкею, таспаны бір қолынан екінші қолына оң (сол) аяғыныңартынан беру (8 рет). 4.Б.қ.: өкшелеп отыру. Тізесіне көтеріліп, оң (сол) қолдарын жоғары сермейді. Б.қ. қайтакеледі (8рет). 5.Б.қ.: қолдарымен артқа тіреліп отыру, аяқтарын түзу ұстайды. Екі аяғын бірдей бүгіп,таспаны қолдан-қолға ауыстырады. Аяқтарын қайта түзейді. (8 рет) 6.Б.қ.: етпетінен жату.	№ 58 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК Мойын бұлшық еттеріне қосымша қарсылыс көрсету арқылы орындалатын жаттығулар: №1 жаттығулар кешені 1.Б.т. – аяқты иық деңгейінде қою, бір қолыңыз алақан мен иекке тірелген, басыңыз артқа қарай шалқайған, ал шынтағыңыз басқа қолыңыздың алақанына тірелген: бастықарсылық күшіне қарсы алдыға еңкейту, 5-6 сек 4–6 рет орындаңыз 15–20 сек демалып. 2.Б.т. – үстіндегідей жаттығу, бірақ бас алдыға еңкейген. 3.Б.т. – аяқты екі жаққа қою, бас кеудеге қарай еңкейген, саусақтарыңыз бастың артқы жағында қымтап ұсталған: бастың қарсылық күшіне қарсы қозғалуы. 4–6 рет. 4.Б.т. – үстіндегідей жаттығу, бірақ басы артқа шалқайған қалпында. 5.Б.т. – аяқты екі жаққа, бір қол басты тірейді, екіншісі		

		қолына датаспа ұстайды) (8 рет) 7.Б.қ. бір орында тұрып, бір аяқпен секіреді (6 рет).	Денесінің алдыңғы жағын көтеріп, қайта түсіреді. (Екі қолына датаспа ұстайды) (8 рет) 7.Б.қ. бір орында тұрып, бір аяқпен секіреді (6 рет).	белде: қарсылас күшіне қарсы бастың оңға – солға қозғлысы. 6–12 рет. Тыныс бірқалыпты. 6.Б.т. – аяқты екі жаққа, бір қол иекке тірелген, екіншісі белде: бастың қозғалу барысында иекпен қолға қысым білдіру, сол қалыпта 5-6 сек ұстау керек. 4–8 рет. Берікті жаттығулардан кейін бұлшық еттерді созуға арналған жаттығулар орындалады. Мойын бұлшық еттеріне арналған жаттығуларды профилактикалық құрал ретінде қолдануға болады. Оқу барысында немесе жұмыс кезінде бастың, мойын бұлшық етінің, дене көп уақыт аралығында ыңғайсыз күйде қалған кездегі әлсіреп, шаршағанын басу үшінқолдануға болады.		
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық		Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын, танымдық әрекет				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты						
09.00 11.50 ҰІӘ	09.00-09.30 09.40-10.10 10.40-11.10 11.20-11.50	29.05.23 Дүйсенбі	30.05.23 Сейсенбі	31.05.23 Сәрсенбі		
		Математика негіздері Сөйлеуді дамыту Қазақ тілі Дене шынықтыру	Сауат ашу негіздері Қоршаған ортамен танысу Жапсыру Музыка	Математика негіздері Көркем әдебиет Сауат ашу негіздері Дене шынықтыру		
«Ас – адамның арқауы» түскі ас. 10:10-10:40		Түскі ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Кезекшілік жұмысын ұйымдастыру.Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту.				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер						
1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:09.00-09.30						
Мектепке дейінгі ұйым кестесі	1.Математика негіздері– танымдық,ойын	1. Сауат ашу негіздері- коммуникативтік,таным-	1.Математика негіздері– танымдық,ойын			

бойынша ҮІӨ	әрекеттері ҮІӨ тақырыбы: Бекіту. Нені білеміз, нені жасаймыз. ҮІӨ мақсаты: алған дағдылары мен білімдерін жүйелеу және бекіту.10 көлемінде тура және кері санау, геометриялық пішіндер мен денелер атауын бекіту. Есеп шығару, заттарды салмағы бойынша салыстыру біліктерін бекіту. Дағды: Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, есте сақтау, сөйлеу біліктілігін; логикаға арналған ойын тапсырмаларын орындау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту арқылы дағдыландыру. Күтілетін нәтижелер: Менгереді: тура және кері санауды, пішіндерді дұрыс атауды; Түсінеді: фигураларды ажыратуды, заттарды санауды; Қолданады: геометриялық пішіндерді атауды және ажырата білуді; сурет бойынша есептер шығаруды. Үзік сызықтармен сызуды және бояуды, графикалық диктантты орындауға үйретуді. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Миға шабуыл: Топтар хормен тура және кері санайды. Бір санды аттап санайды. Балалар дауыстап тура және кері санайды, топтар бір саннан аттап	дық әрекет ҮІӨ тақырыбы: Біз нені үйрендік,нені білдік? ҮІӨ мақсаты: балалардың білімін пысықтау. Дыбыс, буын, сөз ұғымдарын бекіту ұзын-және қысқа сөздерге мысал келтіруге, дыбыстық талдау жасауға жаттықтыру. Дағды: Сөздің сызбасын дұрыс тауып қоса білуге, сөйлем сызбасын сызу секілді дағдыларын бекіту. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: сөзден дыбыстарды атайды, үш-төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасайды. Түсінеді: дыбыс, сөз, сөйлемнің шартты белгілері қандай болатынын. Қолданады: дыбыстарды ажыратады, сөздің сызбасын. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Ой қозғау: 2. Негізгі бөлім «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау. Дыбыстар нешеге бөлінеді? Дауысты дыбыстардың жасалу жолы қандай? Жуан дауысты дыбыстарды ата? Жуан дауысты дыбыстардың жасалу жолы? Жіңішке дауысты дыбыстарды ата, олардың жасалу жолын түсіндір. Дауыссыз дыбыстар нешеге бөлінеді және қалай аталады? Қатаң дауыстыларды ата? Олардың жасалу жолын түсіндір. Ұяң дауыссыздарды ата, олардың жасалу жолын	әрекеттері ҮІӨ тақырыбы: Бекіту. Нені білеміз, нені жасаймыз. ҮІӨ мақсаты: алған дағдылары мен білімдерін жүйелеу және бекіту.10 көлемінде тура және кері санау, геометриялық пішіндер мен денелер атауын бекіту. Есеп шығару, заттарды салмағы бойынша салыстыру біліктерін бекіту. Дағды: Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, есте сақтау, сөйлеу біліктілігін; логикаға арналған ойын тапсырмаларын орындау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту арқылы дағдыландыру. Күтілетін нәтижелер: Менгереді: тура және кері санауды, пішіндерді дұрыс атауды; Түсінеді: фигураларды ажыратуды, заттарды санауды; Қолданады: геометриялық пішіндерді атауды және ажырата білуді; сурет бойынша есептер шығаруды. Үзік сызықтармен сызуды және бояуды, графикалық диктантты орындауға үйретуді. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Миға шабуыл: Топтар хормен тура және кері санайды. Бір санды аттап санайды. Балалар дауыстап тура және кері санайды, топтар бір саннан аттап		
-------------------------------	--	---	--	--	--

	санайды. Қолдану: Карточкаларды қарайды жұптасу жолын анықтайды, соңғы карточканы толықтырады. Тақтадағы фишкаларға қараңдар. Олардың ұқсастығы қандай? Айырмашылығы неде? Соңғы карточканы толықтыр. Балалар карточкаларды қарайды, жұптастыру принципін анықтайды, соңғы суретті салады: біріншісінде - бір нүкте, екіншісінде - 6 нүкте. Түсіну: Суретті қараңдар. Неше пішін? Оларды атаңдар.  Білу: тапсырма. Әр қатардағы жіп орамдарын сана. Тиісті цифрмен сызып қос. Балалар жазбалар мен суреттерді қарайды. -Мысалдарды шығар. Өзің мысалдар ойластыр. тапсырма. -қанша шырша болса, сонша үшбұрышты боя. -қанша үй болса, сонша шаршыны боя. -қанша шар болса, сонша шеңберді боя. Математикалық поэзия сәті: Сергіту сәті. Бір дегенім - көтеріліп, керілу. Екі деген - еңкею мен созылу. Үш дегенім - үш рет соғып	түсіндір. Үнді дауыссыздар қалай жасалады? Оларды ата. Буында неше дауысты дыбыс болады? Түсіну: Дыбыспен жұмыс. Дидактикалық ойын: «Кім зерек?» –Балалар көк, қызыл дөңгелектерді алыңдар да, үстел үстіне қойыңдар. Егер мен дауыссыз дыбысты айтсам көк, ал егер дауысты дыбысты атасам, қызыл дөңгелекті көтересіңдер. Мысалы: -а-, -у-, к-, -е-, -н-, -г-, -ш-, -щ-, -з-, -х-, -ф-, -ы-, -в-, -а-, -п-, -р-, -о-, -л-, -д-, -ж-, -э-, -я-, -ч-, -с-, -м-, -и-, -т-, -б-, -ю. Білу: «Дыбыстың сөз ішіндегі орнын тап» дидактикалық жаттығуы Педагог лақ, алма, талсөздерінің сызбасын тақтаға іліп, -л- дыбысының орнын табуды тапсырады. Тақтаға бір балаланы шығарады. Балалар орнында жұмыс жасайды, егер дыбыс сөздің басында болса, басында тұрған төртбұрышты, егер ортасында болса, ортасындағы төртбұрышты, ал соңында болса, соңында тұрған төртбұрышты көк түспен бояйды. Буынмен жұмыс «Сөзді буынға бөл» дидактикалық ойыны – Мен сөздер айтамын, ал сендер мен айтқан сөздерді шапалақ ұру арқылы буынға бөлесіңдер. Мысалы: <i>Та-на, ал-ма, бал, тал, сыз-ғыш, кі-</i>	санайды. Қолдану: Карточкаларды қарайды жұптасу жолын анықтайды, соңғы карточканы толықтырады. Тақтадағы фишкаларға қараңдар. Олардың ұқсастығы қандай? Айырмашылығы неде? Соңғы карточканы толықтыр. Балалар карточкаларды қарайды, жұптастыру принципін анықтайды, соңғы суретті салады: біріншісінде - бір нүкте, екіншісінде - 6 нүкте. Түсіну: Суретті қараңдар. Неше пішін? Оларды атаңдар.  Білу: тапсырма. Әр қатардағы жіп орамдарын сана. Тиісті цифрмен сызып қос. Балалар жазбалар мен суреттерді қарайды. -Мысалдарды шығар. Өзің мысалдар ойластыр. тапсырма. -қанша шырша болса, сонша үшбұрышты боя. -қанша үй болса, сонша шаршыны боя. -қанша шар болса, сонша шеңберді боя. Математикалық поэзия сәті: Сергіту сәті. Бір дегенім - көтеріліп, керілу. Екі деген - еңкею мен созылу. Үш дегенім - үш рет соғып		
--	---	---	---	--	--

	алақан. Бас изейміз үш қайтара, балақан. Төрт дегенім - құшақ жая, қол керу, Бес дегенде - қоштасарда қол бұлғау. Алты деген - орнымызға отыру. Жеті-сегіз - жалқаулықтан арылу. Балалар мәтін бойынша қимылдар жасайды.	<i>тап, қам-шы, ер, көл, қу-ыр-шақ, құс, та-уық, қо-ңыз, кө-бе-лек, са-уыс-қан, тек-ше, мар-ғау, жа-лын, ә-теш, ке-кі-лік, ақ-қу, көгер-шін, тас-ба-қа, ұ-шақ, а-пель-син, ман-да-рин, дом-бы-ра, ба-ра-бан, бел-дік, пар-та, сана, ө-рік, кө-рік, сый-лық, кө-мір, ке-ру-ет, ди-ван, жа-лау, қай-мақ, ба-уыр-сақ, тал-қан, жыл-қы, мон-шақ, қы-мыз т.б.</i> «Дұрыс көтер» дидактикалық ойыны – Мен сендерге сөздерді оқимын, егер сөздерді дауысты дыбыстар жуан болса, сары дөңгелекті, жіңішке болса, қызыл дөңгелекті көтеріңдер. Мысалы: <i>банан, күріш, ақымақ, анар, алжапқыш, әтеш, қызанақ, қияр, балға, балта, шалғы, қоңыз, қарға, сауысқан, шырын, сана, балық, қайшы, қаламсап, көбелек, төбелес, тоқылдақ.</i> Қолдану: Сөздің дыбыстық талдауымен жұмыс. «Дұрыс па, бұрыс па?» дидактикалық ойыны <i>Педагог ашиа, түн</i> сөздерінің дыбыстық талдауын тақтаға іледі. –Орындарыңда тақтадағы суреттердің атауына дыбыстық талдау жасаңдар. Педагог тақтаға бір балаланы шақырады дыбыстық талдау жасауға тапсырма береді. Балалар тақтадағы жұмыстың дұрыс-бұрысын тексереді. Поэзиялық сәт: Құлыншақ Құлыншағым шапқылайды – тоқ, тоқ, тоқ,	алақан. Бас изейміз үш қайтара, балақан. Төрт дегенім - құшақ жая, қол керу, Бес дегенде - қоштасарда қол бұлғау. Алты деген - орнымызға отыру. Жеті-сегіз - жалқаулықтан арылу. Балалар мәтін бойынша қимылдар жасайды.		
--	---	--	---	--	--

		Тұяқтары тақылдайды – тоқ, тоқ, тоқ. Алыстағы ауылдарға шабады, Жасыл өлке жайлауға да барады. Құлыншақтың тұлымшағы желбіреп, Өскенде ол жүйрік тұлпар болады. Саусақ жаттығуы: Қолды алға созамыз, Алақанды бұрамыз. Алақанның сыртымен Шапалақты ұрамыз.			
--	--	--	--	--	--

1 үзіліс - 09:30 - 09:40

Балалардың дербес іс-әрекеті

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету) түрінде іске асырылады.

Сюжетті - рөлді ойын: арналған ойын: «Кім үздік жүргінші?»

Басты мақсат: Жол жүру ережесі бойынша балалардың білімдерін бекіту. (бағдаршамның берген белгісі, жүргінші жол) белсенділік дағдыларын қалыптастыру.

Ойын жаттығу: «Жолаушылар»

Мақсаты: Балалардың көңілдерін көтеріп саяхатқа шығару. Саяхатқа баратын көлік түрлерімен таныстыру. Жолға шыққанда балаларға жол жүру ережесін түсіндіру.



Сюжетті - рөлді ойын: «Кім үздік жүргінші?»

Мақсаты: Жол жүру ережесі бойынша балалардың білімдерін бекіту. (бағдаршамның берген белгісі, жүргінші жол) белсенділігін, назарын тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: 1,2,3,4,5,6 сандармен текшелер және 2 фишка. Ойын алаңы.

Ойын барысы:

Бірінші жүргінші №1 үйден, екінші №2 үйден шығады. Текшелерді өздерінің сандары шыққанша лақтыра береді, және қайтадан лақтырады. Сонымен бір түрлі-түсті суреттерге мұқият қарау керек. Бірінші суретте бағдаршамның қызыл шамы жанып тұр. Демек, жүргінші бағдаршамнан тұрған дөңгелекке секіре алмайды. Ол орнында тұра береді. Екінші суретте көлік. Жолды кесіп өтуге болмайды, орнында тұру керек. Үшінші суретте бағдаршамның жасыл шамы жанып тұр. Текшені текшенің санына байланысты дөңгелектерге жылжытуға болады. Төртінші суретте мотоциклшы. Оны тоқтап, өткізу керек. Алтыншы суретте бағдаршамның сары шамы жанып тұр. Жүргінші сол суреттің бойында тоқтай алады. Жетінші суретте реттеуші онымен қауіпсіз, бірден әженің үйіне баруға болады. Кім жол ережесін бұзбай әжесіне келсе сол жеңіске жетеді.

2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті

уақыты: 09.40 – 10.10

	2.Сөйлеуді дамыту- танымдық,коммуникативтік әрекет ҮІӨ тақырыбы: Асфальттағы суреттер. ҮІӨ мақсаты:«Н», «Н» дыбыстары жөнінде дұрыс ұғым алуға үйрету; Өлең мазмұнымен таныстырып, өлең шумақтарын жаттату. Дағды: Балалардың сөйлеу тілдерін дамытуға дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: бір-біріне жылы лебіз силайды, суретке қарап өлең жаттайды, «н», «н»дыбыстарын дұрыс айтады; Түсінеді: сурет жанрлары туралы мәліметті; Қолданады: өлең жолдарын мәнерлеп айтуды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну,қолдану. Миға шабуыл: Балалар, бәріміз көктемнің самал лебінен алайық, алақанға салайық, күннің жарқыраған нұрынан алайық, алақанға салайық. Ал енді жүрегіміздің лүпілінен алайық, оны да алақанға салайық. Енді осының бәрін достарымыздың жүректеріне қарай үрлейік: УФ!!! Енді барлығымыздың көңіліміз көктемдей жадырап, өзіміз күндей жарқырап, жүрегіміз достарымыз деп соғып, бүгінгі күнімізді қызықты өткіземіз деп сенемін.	2.Қоршаған ортамен танысу коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі ҮІӨ тақырыбы: Біз – жас зерттеушіміз. ҮІӨ мақсаты: Жобалық жұмыстар арқылы балалардың танымдық қызметін жандандыру. Тәжірибелік жұмыстарға деген қызығушылығын арттыру, бақылау нәтижелерін салыстырып, талдау және қорытынды жасау қабілетін дамыту. Дағды: Зерттеушілік және экологиялық сана-сезімін жетілдіру. Олардың қабілеттері мен дағдысын бекіту. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: жаздың белгілерінен хабары бар. Түсінеді: табиғатты аялаудың маңыздылығын. Қолданады: жоба жасай біледі; бақылау, эксперимент арқылы себеп-салдар байланысын анықтай алады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Эмоционалдық көңіл күй қалыптастыру. Миға шабуыл: Балалардың арасында жедел сауалнама жүргізеді: Қандай жыл мезгілдерін білетінін сұрайды және жыл мезгілдерінің ауысу тәртібіне қарай айтып беруді сұрайды. Өлең оқиды. Жаз келді жадырап, Ағаштар гүлдеді. Жаңбыр жауып нөсерлеп, Жер-ана көкке бөленді. Көбелектер би билеп, Еңбекші ара бал жинап, Балалар тоймай ойынға,	2. Көркем әдебиет- коммуникативтік,ойын, қимыл белсенділігі ҮІӨ тақырыбы: Өс, ұлан! ҮІӨ мақсаты: Балалардың өлеңді жаттауға қызығушылығын арттыру. Болашақ туралы ұғымдарын кеңейту. Мақтаныш сезімдерін қалыптастыру. Әдеби жанрдың бір түрі – өлең туралы түсініктерін бекіту. Дағды: Өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттауға үйрету. Өлең мазмұнын түсіндіре отырып, оған қатынасын, тілдік бейнелілігін сезінуге, айналасымен жағымды қарым-қатынас жасай білу дағдысын дамыту. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: өлеңнің авторын, тақырыбын, мазмұнын біледі, өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді; Түсінеді: Жанрларды ерекшеліктері бойынша таниды. Қолданады: Шағын өлеңдерді мәнерлеп жатқа айта алады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Миға шабуыл: Педагог тәрбиеленушілерге дөңгеленіп тұрып, терең тыныс алып, біртіндеп сыртқа шығаруды және не байқағандары туралы сұрайды. – Мұрын арқылы терең ауа жұттық. – Ауа жұтқанда кеудеміз керілді. – Ауаны шығарғанда ішіміз босады. – Ауаны шығарғанда ұйқымыз		
--	--	--	---	--	--

	Түсіну: Ж.Смақовтың «Қоңырау» өлеңін мәнерлеп оқып береді. «Дың-дың» – қоңырауымын, «Дың-дың» – соғыламын. «Дың-дың» – қағыламын, Мектептен табыламын. «Н» мен «Н» дыбыстарын жеке-жеке дыбыстату арқылы айтылуына көңіл аудартады. «Н» дыбысын айтқанда дем мұрын арқылы еркін шығады, тіл үстіңгі тістің түбіне тиеді. «Н» дыбысы да «Н» дыбысы сияқты мұрын жолды. «Н» дыбысынан оның айырмасы – тілдің арт жағы тандайға тиеді. Мысалы: тоң. Білу: Балалар, бір қатарға «Н», екіншісіне «Н» дыбысы бар сөздерді ойлап тауып қояйық. Балаларға дыбыстарды қайталау: Ян-ян-ян – жүгіріп жүр қоян. Ың-ың-ың – әп-әдемі қайың. Үлгі суретті тақтаға іліп, сурет арқылы М.Әлімбаевтың «Асфальттағы суреттер» өлеңін мәнерлеп оқып береді. Мынау – биік кезең, Сен көрмеген бір тау. Көкпеңбегі – өзен, Ал жасылы – бұл бақ. Өтсең асфальт жолмен, Түрлі түсті бормен Қызығардай көрген Сурет салған ол – мен! Қолдану: Дидактикалық ойын: «Жанрды тап».	Өтеді жаздың әр күні. Сендерге тақпақ ұнады ма? Ол жылдың қай мезгілі туралы екен? Түсіну: -Жаз кезінде отбасы мүшелері жиі табиғат аясына демалысқа барады. Осы кезде тек демалып қана қоймай, зерттеу жұмысын жүргізуге болады. Мысалы: Құм қандай? Құм неге ыстық? Қандай жемістер мен көгөністер пісті? Ауа райы қандай? Жазғы жаңбыр мен күзгі жаңбырдың айырмашылығы қандай? Осындай сұрақтарға жауапты ересектердің көмегімен шешуге болады. Қазір жапырақты зерттейік. Ол үшін мына сұрақтарға жауап беруіміз қажет? Білу: -Жапырақтың түсі неліктен жасыл болады? Өйткені су жеткілікті. Өйткені оларға күннің сәулесі жақсы түседі. Өйткені жылу жеткілікті. Міне, көрдіңдер ме, осылайша жаз мезгілінде көптеген зерттеу жұмысын жүргізуге болады. Оларды фотосуретке түсіріп алу қажет. Кейін жасыл жапырақты күзгі жапырақпен салыстыруға болады. Бұл да – зерттеу жұмысы. Өзекті мәселе: «НЕ БОЛАР ЕДІ? ...» дидактикалық ойынын ойнауға шақырады. Мақсаттары: өзінің табиғатқа қатысты іс-әрекетінің салдарын түйсінуге үйрету. Педагог балаларға талқылайтын мысал ұсынады. Нәтижесінде балалар әр нәрсенің шегі барын түсініп, табиғатты	ашылды. (Ұ) Әліппе-дәптермен жұмыс. Сурет бойынша әңгіме. – Таза ауада серуендеген ұнай ма? – Жүгірудің денсаулыққа пайдасы бар ма? – Жаттығу жасау бойларыңның өсуіне көмектесе ме? Түсіну: Педагог Өтебай Тұрманжановтың «Өс, ұлан!» өлеңімен таныстырады. Педагог <i>ұлан, тыңда сыр, қыран</i> сөздерінің мағынасын түсіндіреді. Өлең мазмұны бойынша сұрақтар. Талқылау: – Шығарма ұнады ма? – Несімен ұнады? – Қандай әдеби жанрға жатады? – Сау болу үшін не істеу керек? – Денсаулықтың сендердің өмірлеріңдегі маңызы қандай? Өлеңді қайталап оқып, жаттап алуларына жағдай жасау. 4-5 баланы шақырып, өлеңді жатқа айтып беруін сұрау. Білу: Сөздік жұмыс: Көптілділік: денсаулық – здоровье – health Қолдану: Педагог әңгіме өткізеді. – Спорт несімен пайдалы? – Спортпен айналысатын адамдарды қалай атайды? – Адамдар қалай спортшы болады? – Спортпен қай жастан бастап айналысу керек? – Спортшылардың табысқа жетуіне кімдер көмектеседі? Сұрақтарды талқылауды тақырып бойынша слайдтар көрсетумен		
--	--	---	--	--	--

	Ойын шарты: Суреттердегі бос орынға қажетті суретті жапсырмамен жапсырып, суретжанрын табу. Поэзиялық сергіту сәті: (Сергіту жаттығуларын М.Әлімбаевтың «Он саусақ» өлеңімен жасатуға болады). Жалғыз саусақ тіпті де, Ұстай алмас жіпті де. Екі саусақ бірікті, Ине қолға ілікті. Үш саусағым орамды, Жүгіртеді қаламды. Өнерлі екен он саусақ! Қала салсақ, жол салсақ. (М. Әлімбаев) Рефлексия «Н» – «Н» дыбыстарының дауысты немесе дауыссыз екенін сұрайды. «Н» дыбысынабайланысты жаңылтпаш айтқызады. Шапсаң, шапшаң, Бұрқырайды ақ шаң. <i>Шапшаң</i> сөзі тез, жылдам деген мағына береді.	аялау керек деген қорытынды жасайды. Мысалы: «Егер гүлді жұлып алса не болады? Көбелектерді құртып жіберсе не болар еді?» деген сынды сұрақтар қояды. Сенің алдағы жазды қалай өткізгің келеді?	толықтыруға болады. Педагог сөздің қорытындысында спортшылар ерік-жігері мықты, тәртіпті, жауапкершілігі мол, күшті, епті, жылдам адамдар екенін түсіндіреді. Олар олимпиадалық ойындар кезінде өз Отанының абыройын қорғап, жанқиярлық танытады. Есіңе сақтап: - Олимпиада ойындарында жеңіп, жүлде алған спортшыларды қалай атайды? -Қазақстандық қандай олимпиада чемпиондарын білесіңдер? Олардың аты-жөнін есіңе сақта. – Денің сау болу үшін не істеу керек? – Отбасымен бірге қай спортпен айналысуды ұнатасыңдар? Поэзиялық сергіту сәті: Өс, ұлан! Сау болсын десең, Он екі мүшең. Ерте тұр, Құлақ тұр, тыңда сыр. Таза ауа жұт, Бойыңа қуат, Жүгір желмен жарысып, Нұрға сылан, болып қыран, Өс, ұлан! Өтебай Тұрманжанов		
2 үзіліс – 10:10 – 10:40 Балалардың дербес іс-әрекеті Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, балалар әрекеті (ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету) түрінде іске асырылады.					
Балалардың дербес іс-әрекетіне дағдыландыру ойындары Басты мақсат: қарым-қатынас дағдыларын дамыту, құрдастарымен ортақ тіл табыса білуге үйрету.					

Тіл гимнастикасы: «Тынымсыз Тіл» туралы ертегі жаттығулары.(қайталау)

Сыйқырлы айнаға қарап отырып, араның масаның , шегірткенің, жыланның дыбыстарын салып көр. Осы дыбыстарды Тынымсыз Тіл ұнатады ма соны байқа.

1.Ағайынды аралар.

Ағайында арарармыз,
Еңбек үшін жаралғанбыз.

-3-3-3-3-3

Шырын іздеп күні бойы
Гүл бақшаны аралаймыз

-3-3-3-3-3

(Үш саусағыңды түйістіріп, ұшып жүрген араларға ұқсат, әрбір екі жолдан кейін аралардың ызылдағанын сал.)


Жаман ара
Қалмай ұшып соңынан,
Ара қуды Мұратты.

-3-3-3-3

Шағып алып қолынан,
Досымызды жылатты.

-у-у-у-у

(Араның дауысы мен баланың ара шаққандағы дауысын сал)



Ойын: «Допты қуып жет»

Мақсаты: Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Тәрбиешінің берген белгісін мұқият тыңдай білуге үйрету.

Ойынның шарты:

Тәрбиеші балаларға доп салынған кәрзеңкені көрсетеді де алаңның бір жағында өзімен бірге қатарласа тұруды ұсынады. Одан кейін кәрзеңкеден доптарды алып, балалардан алысқа, әр жаққа лақтырады. Балалар доптарға жүгіреді, оларды алып кәрзеңкеге салады. Ойын қайталанатын. Балалар қанша болса, доп та сонша болуы керек. Олардың әрқайсысы допты қуып жетіп, кәрзеңкеге салатын болсын.

3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті

уақыты: 10.40 – 11.10

3. Қазақ тілі - коммуникативтік әрекет
ҮІӨ тақырыбы: Мен не білемін жәнене істей аламын?
ҮІӨ мақсаты: өткен тақырыптарды қайталап, алған білімдерін тиянақтау.
Дағды: Ауызекі сөйлеу белсенділігін арттыру.
Дамытушылық міндеті: қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, ажырата білу дағдысындамыту.
Күтілетін нәтижелер:
Жасайды: өткен тақырыптар бойынша сөздерді қайталайды.
Түсінеді: сұрақты тыңдап,

3. Жапсыру – шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті
ҮІӨ тақырыбы: Мерекелік жалаушалар.
ҮІӨ мақсаты: түрлі-түсті қағазды қабаттап қою арқылы екі немесе үш кескін киып шығаруға үйрету.
Дағды: қағаздарды түр-түсіне қарай іріктеп алу, пішіндерді қағаз бетіне дұрыс орналастыра білу дағдыларын қалыптастыру; саусақ қозғалыстарын жетілдіру; қайшымен жұмыс істеу икемділігін арттыру.
Күтілетін нәтиже:
Жасайды: мерекеге арнап

3. Сауат ашу негіздері- коммуникативтік әрекет
ҮІӨ тақырыбы: Біз нені үйрендік, нені білдік?
ҮІӨ мақсаты: балалардың білімін пысықтау. Дыбыс, буын, сөз ұғымдарын бекіту ұзын-және қысқа сөздерге мысал келтіруге, дыбыстық талдау жасауға жаттықтыру.
Дағды: Сөздің сызбасын дұрыс тауып қоса білуге, сөйлем сызбасын сызу секілді дағдыларын бекіту.
Күтілетін нәтижелер:
Жасайды: сөзден дыбыстарды атайды, үш-төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасайды.
Түсінеді: дыбыс, сөз, сөйлемнің

	толық жауап беру керек екенін түсінеді. Қолданады: сөйлем құрауда өздері білетін сөздерді қолданады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Еске түсіру сәті: «Кел, балалар, ойнайық» әнін тыңдату. Мазмұнын түсіндіру. –Сендерге ән ұнады ма? Арман балаларды «Ғажайып шеңбер» ойынын ойнауға шақырады. –Мынау – ғажайып шеңбер. Мынау не? – Ғажайып шеңбер. (Ғажайып шеңбер сөз тіркесін дұрыс айтып жаттығады). Балалар екі топқа бөлінеді. Екі топ кезекпен шеңбердің тілін айналдыру арқылы ұяшықты анықтайды да, сол ұядағы хатқалта ішіндегі тапсырманы орындайды. Әр жауапқа бірұпай береді. Тақырыптарға байланысты кима не мазмұнды суреттер беріледі. Балалар қиналса, педагог сұрақтардың көмегімен толық жауап алуға тырысады. Балалар сұраққа кезекпен жауап береді. Түсіну: Тапсырмалар: № 1. Қыс Бұл қай жыл мезгілі? Қыс айлары қандай? Қыста не болады? Балалар не істейді? № 2. Мен және менің отбасым. Өзі және отбасы, мекенжайы туралы шағын	неше түрлі жалаушалар; Түсінеді: мерекелердің ерекшеліктері жайлы; Қолданады: жалаушаларды киюдың тәсілдерін, санауды, әннің мәтінін. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қуанышты көңіл күй сыйлау. Шаттық шеңберін музыка жетекшісінің сүйемелдеуіндегі «Достық» әнімен ұйымдастырады. Сөзі: Е. Елубаевтікі. Әні: И.Нүсіпбаевтікі. – Балалар, бақшамызда ән айтып, би билеп қандай мерекелер өткіздік? Еске түсіріп айтайықшы. – Балалар, көңіл күйлерің қалай? Қолдану: – Ал осы мерекелерде ауланы, залды, бөлмені қалай және немен безендірдік? Балалар, бүгін біздің топта мереке! Сондықтан қазіргі оқу қызметінде жалаушаларды қиып, жапсырамыз. Түсіну:– Ал осы мерекелерде ауланы, залды, бөлмені қалай және немен безендірдік? Балалар, бүгін біздің топта мереке! Сондықтан қазіргі оқу қызметінде жалаушаларды қиып, жапсырамыз. – Балалар, неше қатар жіп ілініп тұр? – 5 жалаушаны бір қатарға, қалған бесеуін екінші қатарға жапсырамыз. Педагог балалардың көңіл күйлерін сергіту үшін	шартты белгілері қандай болатынын. Қолданады: дыбыстарды ажыратады, сөздің сызбасын. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Ой қозғау: 2. Негізгі бөлім «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау. Дыбыстар нешеге бөлінеді? Дауысты дыбыстардың жасалу жолы қандай? Жуан дауысты дыбыстарды ата? Жуан дауысты дыбыстардың жасалу жолы? Жіңішке дауысты дыбыстарды ата, олардың жасалу жолын түсіндір. Дауыссыз дыбыстар нешеге бөлінеді және қалай аталады? Қатаң дауыстыларды ата? Олардың жасалу жолын түсіндір. Ұяң дауыссыздарды ата, олардың жасалу жолын түсіндір. Үнді дауыссыздар қалай жасалады? Оларды ата. Буында неше дауысты дыбыс болады? Түсіну: Дыбыспен жұмыс. Дидактикалық ойын: «Кім зерек?» –Балалар көк, қызыл дөңгелектерді алыңдар да, үстел үстіне қойыңдар. Егер мен дауыссыз дыбысты айтсам көк, ал егер дауысты дыбысты атасам, қызыл дөңгелекті көтересіңдер. Мысалы: -а-, -у-, к-, -с-, -н-, -г-, -ш-, -щ-, -з-, -х-, -ф-, -ы-, -в-, -а-, -п-, -р-, -о-, -л-, -д-, -ж-, -э-, -я-, -ч-, -с-, -м-, -и-, -т-, -б-, -ю. Білу: «Дыбыстың сөз ішіндегі орнын тап» дидактикалық жаттығуы Педагог лақ, алма, талсөздерінің сызбасын тақтаға іліп, -л- дыбысының орнын табуды	
--	---	---	--	--

	мәтін құрайды. Білу: № 3. Мектеп Сыныпта қанша балалар бар? Сыныпта неше парталар бар? Заттарды жекеше, көпше түрде атау. № 4. Үй жануарлары мен жабайы жануарлар Мынау не? Қайда тұрады? (Жануарларды атайды, қайда тұратынын айтады). Қолдану: № 5. Жемістер мен көгөністер. Педагогтің айтуы бойынша көгөніс пен жемістерді табады. Мысалы: Қызыл, дәмді көгөніс. Сары қышқыл жеміс. Жасыл көгөністерді ата, көрсет. т.с.с. № 6. «Кім жылдам?» Берілген тақырыпқа сөз ойла. Сөздермен сөйлем құра. Поэзиялық сәт: Орнымыздан тұрайықҚолды белге қоялық. Оңға, оңға түзу тұр, Солға, солға түзу тұр. Алға бір адым, Артқа бір адым. Жоғары, төмен қарайық Орнымызды табайық.	Е.Өтетілеуұлының «Жалауша» өлеңін оқып береді: «Жалауша» өлеңін оқып береді: Жалауымыз жас туған, Біз қарамай өтпейміз. Көк жалаудың астында, Көгереміз, көктейміз. Жұмыс жасау барысында көмек қажет болған балаларға педагог көңіл бөледі. Шығармашылық поэзиялық сәт: Педагог өлең жолдарын оқиды: Бойымызды тік ұстап, Жоғары-төмен қарайық. Кәне, сапты түзейік, Тіземізді бүгейік. Ыршып алға түсейік: Бір, екі, үш, Ал, кәнеки, ұш (секіреді). Төрт, бес, алты, жеті, Мынау – жолдың шеті.	тапсырады. Тақтаға бір балаланы шығарады. Балалар орнында жұмыс жасайды, егер дыбыс сөздің басында болса, басында тұрған төртбұрышты, егер ортасында болса, ортасындағы төртбұрышты, ал соңында болса, соңында тұрған төртбұрышты көк түспен бояйды. Буынмен жұмыс «Сөзді буынға бөл» дидактикалық ойыны – Мен сөздер айтамын, ал сендер мен айтқан сөздерді шапалақ ұру арқылы буынға бөлесіңдер. Мысалы: <i>Та-на, ал-ма, бал, тал, сыз-ғыш, кі-тап, қам-шы, ер, көл, қу-ыр-шақ, құс, та-уық, қо-ңыз, кө-бе-лек, са-уыс-қан, тек-ше, мар-ғау, жа-лын, ә-теш, ке-кі-лік, ақ-қу, көгер-шін, тас-ба-қа, ұ-шақ, а-пель-син, ман-да-рин, дом-бы-ра, ба-ра-бан, бел-дік, пар-та, сана, ө-рік, кө-рік, сый-лық, кө-мір, ке-ру-ет, ди-ван, жа-лау, қай-мақ, ба-уыр-сақ, тал-қан, жыл-қы, мон-шақ, қы-мыз т.б.</i> «Дұрыс көтер» дидактикалық ойыны – Мен сендерге сөздерді оқимын, егер сөздерді дауысты дыбыстар жуан болса, сары дөңгелекті, жіңішке болса, қызыл дөңгелекті көтеріңдер. Мысалы: <i>банан, күріш, ақымақ, анар, алжапқыш, әтеш, қызанақ, қияр, балға, балта, шалғы, қоңыз, қарға, сауысқан, шырын, сана, балық, қайшы, қаламсап, көбелек, төбелес, тоқылдақ.</i> Қолдану: Сөздің дыбыстық талдауымен жұмыс. «Дұрыс па, бұрыс па?» дидактикалық ойыны <i>Педагог аша, түн сөздерінің дыбыстық талдауын тақтаға</i>		
--	---	--	--	--	--

			іледі. –Орындарында тақтадағы суреттердің атауына дыбыстық талдау жасандар. Педагог тақтаға бір балаланы шақырады дыбыстық талдау жасауға тапсырма береді. Балалар тақтадағы жұмыстың дұрыс-бұрысын тексереді. Поэзиялық сәт: Құлыншақ Құлыншағым шапқылайды – тоқ, тоқ, тоқ, Тұяқтары тақылдайды – тоқ, тоқ, тоқ. Алыстағы ауылдарға шабады, Жасыл өлке жайлауға да барады. Құлыншақтың тұлымшағы желбіреп, Өскенде ол жүйрік тұлпар болады. Саусақ жаттығуы: Қолды алға созамыз, Алақанды бұрамыз. Алақанның сыртымен Шапалақты ұрамыз.	
--	--	--	--	--

3 үзіліс – 11:10 – 11:20

Балалардың дербес іс-әрекеті

Іс – әрекет арқылы балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру, еңбекті құрметтеуге дағдыландыру, өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу.

Басты мақсаты: Балалардың есте сақтау қабілеті, бақылағыштығы жақсарту, жүгіру дағдыларын дамыту.



Ойын: «Күн мен жаңбыр»

Мақсаты: Балалардың есте сақтау қабілеті, бақылағыштығы жақсарады.

Ойынның шарты: Балалардың алаңның бір шетінен немесе бөлменің қабырғасынан біразырақ жерге қойылған орындықтардың артында тізерлеп отырады да «терезеге» (орындықтың арқасындағы тесікке) қарайды.

Ұсыныс: Тәрбиеші: «Аспан ашық, күн шығып тұр! Серуенге шығуға болады», - дейді. Балалар бүкіл алаңда жүгіріп жүр. «Жаңбыр! Тез үйге жүріңдер!» деген сигналды естіп, бәрі өз орындарына қарай жүгіріп келіп, орындықтардың артына отырады. Тәрбиеші қайтадан: «Күн шықты! Барындар, серуендендер», - дейді «терезеге» (орындықтың арқасындағы тесікке) қарайды.

4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті

уақыты: 11.20 – 11.50

	4. Дене шынықтыру- қимыл белсенділігі ҮІӨ тақырыбы: Біз оқушы боламыз! ҮІӨ мақсаты: Балалардың қозғалыс тәжірибесін спорттық ойын элементтері арқылы молайтуды жалғастыру; қозғалысқа дұрыстығының кепілі болатын бастапқы қалыпқа дұрыс келе білуін бекіту; допты себетке лақтыруды, сол сәтте аяғын жазуды үйрете түсу. Дағды: Баскетбол ойнау дағдыларын, допты алып жүру дағдыларын, допты ұрғанда күшін дұрыс мөлшерлеуді, допты аяғының қасына соғуды қалыптастыруды жалғастыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: допты еденге бір қолмен соғу, сауықтыру массажын. Түсінеді: мектептің және нәтижелі білім алуда денсаулықтың маңызын, жаттығудың орындалу тәсілі мен орындалу сапасының арасындағы байланыс, жерге түскенде аяқты тізеден бүгу керектігін. Қолданады: қозғалып келе жатып қайта сап түзеу, өз әрекеттерін жүйелеу, қол саусақтарының ұшымен допты жұмсақ ұрып қайтара білу, зал кеңістігін бағдарлай алу. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: Тыныс алуды қалыпқа келтіру. Мұрын арқылы демін ішіне тартып, ауыз арқылы шығару; Демін ішіне шұғыл терең	4. Музыка- шығармашылық әрекет ҮІӨ тақырыбы: Шақырамыз жарысқа. ҮІӨ мақсаты: Музыкалық шығарманың сипатына (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашық-жарқын, көңілсіз, мұңды, қайғылы), қарқынының өзгеруіне сәйкес ән салу. Дағды: Таныс би элементтері мен қимылдары негізінде, би қимылдарын ойдан шығарып орындау. Күтілетін нәтиже: Жасайды: Музыкалық шығарманың сипатын (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашық-жарқын, көңілсіз, мұңды, қайғылы) ажырата алады. Түсінеді: Музыкалық шығарманың сипатына (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашық-жарқын, көңілсіз, мұңды, қайғылы), қарқынына, динамикасына, ырғақтық суретіне сәйкес ән сала алады. Қолданады: Таныс би элементтері мен қозғалыстары негізінде оларды араластыра отырып немесе өз қозғалыстарын ойдан шығарып суырыпсалма би орындай алады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Түсіну: Пікір алмасу сұрақтары:	4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі ҮІӨ тақырыбы: Біз оқушы боламыз! ҮІӨ мақсаты: Балалардың қозғалыс тәжірибесін спорттық ойын элементтері арқылы молайтуды жалғастыру; қозғалысқа дұрыстығының кепілі болатын бастапқы қалыпқа дұрыс келе білуін бекіту; допты себетке лақтыруды, сол сәтте аяғын жазуды үйрете түсу. Дағды: Баскетбол ойнау дағдыларын, допты алып жүру дағдыларын, допты ұрғанда күшін дұрыс мөлшерлеуді, допты аяғының қасына соғуды қалыптастыруды жалғастыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: допты еденге бір қолмен соғу, сауықтыру массажын. Түсінеді: мектептің және нәтижелі білім алуда денсаулықтың маңызын, жаттығудың орындалу тәсілі мен орындалу сапасының арасындағы байланыс, жерге түскенде аяқты тізеден бүгу керектігін. Қолданады: қозғалып келе жатып қайта сап түзеу, өз әрекеттерін жүйелеу, қол саусақтарының ұшымен допты жұмсақ ұрып қайтара білу, зал кеңістігін бағдарлай алу. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: Тыныс алуды қалыпқа келтіру. Мұрын арқылы демін ішіне тартып, ауыз арқылы шығару; Демін ішіне шұғыл терең тартып, өте баяу шығару; Демін баяу ішке тартып, шұғыл		
--	--	--	--	--	--

	тартып, өте баяу шығару; Демін баяу ішке тартып, шұғыл шығару. Ауа сыздықтап шығатындай демін баяу шығару. Үзік-үзік дем шығару. Түсіну: «Баскетбол» Еденге допты бір қолмен ұру. Доптарды себетке лақтыру. Допты кеуде мөлшерінде ұстап тұрып, бала қолдарын доға жасап төмен қарай қозғалтып, жазып барып жоғары сермейді. Қолының басы мен саусақтары допты бағыттап ашылады. Баскетбол қалқанынан 2 метр қашықтыққа тұрады. Бастапқы қалыпқа дұрыс келеді. Бір орында тұрып ұзындыққа секіру. Секіру фазаларына назар аудару: еденнен итерілу, ұшу, жерге түсу. Аяқтарын тізесінен аздап бүгіп, иық деңгейінде қояды. Бір аяғын ілгері шығарып, денесін алдыға жіберіп, бар салмағын екі аяғына бірдей түсіреді. Қолдарын шынтақтан бүгіп, денесінің қасында ұстайды. Еңбектеу, 40-30-20 см көтеріліп керілген арқанның астынан өту. Кедергілерден өту тәсілдері оның биіктігіне байланысты екенін есіне салады. Білім-біліктерін қолдануға тырысады. Әртүрлі биіктіктер үшін түрлі тәсілдерді қолданып, кедергілерден өту. Өз қимылдарын бақылауға тырысады. Арқанды іліп кетпес үшін денесін дұрыс жинақтап жұмырлану.	«Жарыс» деген сөзді қалай түсінесің? Сен жарысқа түсіп көрдің бе? Әннің қарқыны, динамикасы, екпіні туралы не айта аласың? Ойдан шығарып суырыпсалма орындау дегенді қалай түсінесің? Музыка тыңдау: «Жарысамыз» (регтайм, муз. С. Джеплин), «Шақырамыз жарысқа» (муз. М. Робер). Музыка тыңдай отырып балалардан бұл шығарманың сипатын, ырғағын, дауыс биіктіктерін сұрау. Тыңдап отырған музыкадан не елестеттіңдер? Бұл музыкаға қандай қимыл лайық? Дауыс жаттығулары: «Шертер» (муз. Б. Әлімжан, сөзі Ж. Маханбетова). Әуенді орындау кезінде оналтылық ноталардың дұрыс шығуын қадағалау, жоғарғы дыбысты алғанда ауыз қуысын кеңірек ашып, таза орындау. Білу: Ән айту: «Шақырамыз жарысқа» (халық әні, өңдеген Н. Әлімқұлов). Әннің әуенін тыңдап, не туралы айтылғаны жайлы балалармен сұхбаттасу. Сұрақ-жауап арқылы ойларын анық жеткізуге мүмкіндік беру. Әннің	шығару. Ауа сыздықтап шығатындай демін баяу шығару. Үзік-үзік дем шығару. Түсіну: «Баскетбол» Еденге допты бір қолмен ұру. Доптарды себетке лақтыру. Допты кеуде мөлшерінде ұстап тұрып, бала қолдарын доға жасап төмен қарай қозғалтып, жазып барып жоғары сермейді. Қолының басы мен саусақтары допты бағыттап ашылады. Баскетбол қалқанынан 2 метр қашықтыққа тұрады. Бастапқы қалыпқа дұрыс келеді. Бір орында тұрып ұзындыққа секіру. Секіру фазаларына назар аудару: еденнен итерілу, ұшу, жерге түсу. Аяқтарын тізесінен аздап бүгіп, иық деңгейінде қояды. Бір аяғын ілгері шығарып, денесіналдыға жіберіп, бар салмағын екі аяғына бірдей түсіреді. Қолдарын шынтақтан бүгіп, денесінің қасында ұстайды. Еңбектеу, 40-30-20 см көтеріліп керілген арқанның астынан өту. Кедергілерден өту тәсілдері оның биіктігіне байланысты екенін есіне салады. Білім-біліктерін қолдануға тырысады. Әртүрлі биіктіктер үшін түрлі тәсілдерді қолданып, кедергілерден өту. Өз қимылдарын бақылауға тырысады. Арқанды іліп кетпес үшін денесін дұрыс жинақтап жұмырлану. Білу: Денеге арналған сауықтыру массажы. Қажет сөздерді естігенде тез-тез шапалақұрады. «Пыспас үшін ішіміз, Қолды уқалап, ысамыз.	
--	---	--	---	--

	Білу: Денеге арналған сауықтыру массажы. Қажет сөздерді естігенде тез-тез шапалақұрады. «Пыспас үшін ішіміз, Қолды уқалап, ысамыз. Сосын қолды маңдайға –Шап- шап- шап. Бетің қалса домбыға, Шапалақта оны да. Кәне, есінеп тұрайық, Көп шапалақ ұрайық: 1, 2, 3, 4, 5! Міне, мойын, кәне, тез, Сергісін деп шүйдеміз Оны абайлап түйеміз. Кеудені де ақырын, Жоғары-төмен түйеміз, Оңға қарай түйеміз, Солға қарай түйеміз, Бүйірден де абайлап, Ақырындап түйеміз. Алдыға белді бүгеміз, Созылып көкке түзейміз, Шынығуды білеміз, Шапалақтап күлеміз!» Қорытынды кезең (рефлексия). Допты шеңбер бойымен бір-біріне беріп, ойды жалғастырады: « Мен..... білемін!» Ойдағыдай білім алу үшін денсаулықтың пайдасы зор екендігін естеріне салады. Шеңберге тұрады. Өз физикалық дағдыларына баға береді (олар нені меңгерді, неге әлі дежаттығу керек).	сипатын ажыратып, екпінді дұрыс ұстау. Музыкалық-ырғақты қозғалыс: «Түлкі мен қаздар» (муз. К. Қуатбаев, сөзі А. Османов). Музыкалы қимылды ойынды ойнау үшін атрибуттарды пайдаланған жөн. Ойынды әндетіп жүріп ойнау керек. Әуен өзгергенде, қаз болған балалар өте сақ болуы тиіс. Ойын өте көңілді ойналады. Қолдану: 1. Жарысамыз» әнінің екпіні қандай? Бұл әнді қандай аспаптардың сүйемелдеуімен орындауға болады? Қандай жарыс ойындарын білесің? «Кім жылдам?» ойынында кім жеңіске жетеді? Достарыңмен жарыс! Түлкінің қапшығына қызыл допты, қасқырға – жасыл, ал аюдың қапшығына көк допты кім тез салады? Сызықпен қос. 2.Ән әуені музыканың қай жанрына сәйкес келеді? Қандай марш түрлерін білесің? Марш әуені ойналатын аспаптарды белгіле. «Жарыс» деген сөзді қалай түсінесің? Достарыңмен қандай жарыс ойындарын ойнайсыңдар? Орман тұрғындары көңілді жарысқа қатысады. Мәреге қайсысы бірінші жетеді	Сосын қолды маңдайға –Шап- шап- шап. Бетің қалса домбыға, Шапалақта оны да. Кәне, есінеп тұрайық, Көп шапалақ ұрайық: 1, 2, 3, 4, 5! Міне, мойын, кәне, тез, Сергісін деп шүйдеміз Оны абайлап түйеміз. Кеудені де ақырын, Жоғары-төмен түйеміз, Оңға қарай түйеміз, Солға қарай түйеміз, Бүйірден де абайлап, Ақырындап түйеміз. Алдыға белді бүгеміз, Созылып көкке түзейміз, Шынығуды білеміз, Шапалақтап күлеміз!» Қорытынды кезең (рефлексия). Допты шеңбер бойымен бір-біріне беріп, ойды жалғастырады: « Мен..... білемін!» Ойдағыдай білім алу үшін денсаулықтың пайдасы зор екендігін естеріне салады. Шеңберге тұрады. Өз физикалық дағдыларына баға береді (олар нені меңгерді, неге әлі дежаттығу керек).		
--	---	---	--	--	--

		деп ойлайсың? Торкөзге цифрмен ретімен белгілеп жаз.			
4 үзіліс – 11:50 – 12:30 Балалардың дербес іс-әрекеті Балалардың дербес іс-әрекетіне дағдыландыру ойындары Аз қимылды ойын түрі: «Қарлығаш» Мақсаты: балаларды шапшаңдыққа әрі шыдамдыққа, ұйымшылдыққа үйрету.					
		Аз қимылды ойын түрі: «Қарлығаш» Мақсаты: балаларды шапшаңдыққа әрі шыдамдыққа, ұйымшылдыққа үйрету. Әдістемелік нұсқаулар: Залда ойыншылар саны бойынша шеңберлер қойылады, олар – қарлығаштардың ұялары. Қарлығаштар болып ойнайтын ойыншылар залды шарлап жүгіріп, қанаттарын қағып жүреді. «Қарлығаш, қарлығаш, қарлығаш – біздің үйге ұшып кел!» пәрмені бойынша олар тез орын алуға тырысуы керек. II нұсқа Әдістемелік нұсқаулар: Бұл ойынды өткізу үшін міндетті түрде дөңгелек қажет. Одан кейін «қарлығашты» және «күзетшіні» таңдайды, қарлығаш дөңгелек ортасында отырады, ал күзетші басқа ойыншылардың шабуылынан қорғап жүреді. «Күзетші» шабуылдың біреуін ұстап алуға тырысады. Егер ол тырысып, ойыншының біреуін ұстап алса, ол «күзетші» атанады. Ұсыныс: ойында әртүрлі ойын іс-әрекеттер пайдалануға болады.			

Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс 11.50 – 12:00	Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру - танымдық, коммуникативтік әрекет (Еркежан, Нұрым, Аян) осы балалармен жұмыс жүргізу. Мақсаты: сөздік қорын байыту.	Математика негіздері – коммуникативтік, танымдық, еңбек әрекеті Дидактикалық ойын: «Сақтап ал» (Ақжол, Жанеля) осы балалармен жұмыс жүргізу. Мақсаты: Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау, зейін, жады мен ауызша сөйлеу дағдысын дамыту.	Сауат ашу негіздері – коммуникативтік, танымдық әрекет (Аян, Арнұр, Ажар, Аяжан) осы балалармен жұмыс жүргізу. Дыбыспен жұмыс. Дидактикалық ойын: «Кім зерек?» – Балалар көк, қызыл дөңгелектерді алыңдар да, үстел үстіне қойыңдар. Егер мен дауыссыз дыбысты айтсам көк, ал егер дауысты дыбысты атасам, қызыл дөңгелекті көтересіңдер. Мысалы: -а-, -у-, к-, -е-, -н-, -г-, -ш-, -щ-, -з-, -х-, -ф-, -ы-, -в-, -а-, -п-, -р-, -о-, -л-, -д-, -ж-, -э-, -я-, -ч-, -с-, -м-, -и-, -т-, -б-, -ю.		
Серуенге дайындық	Сөйлеуді дамыту – коммуникативтік, танымдық әрекеттер, өзіне-өзі қызмет көрсету				
	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.		
«Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай, ойын!» 12.00 – 12:30	Мамыр Серуен-Бақылау № 18 Бақбақ гүлін бақылау Мақсаты: бақбақ гүлі туралы білімдерін тиянақтау (гүлдеудің алғашқы кезеңіне көңіл аудару); — табиғатты қорғау және сақтауға деген ынталары мен іскерліктерін қалыптастыру; — емдік өсімдіктер туралы білімдерін тиянақтау. Бақылау барысы Көркем сөз. Аппақ, аппақ бақбақтар, Үлбіреген бақбақтар, Құдды киіз ақ үйлер. Парашиюттен аумамайды. Төнеді кеп жан-жақтан, Сәл-пәл самал жел соқса, Тамашалап сәбилер.	Мамыр Серуен-Бақылау № 19 Жолжелкенді бақылау Мақсаты: емдік өсімдіктер туралы түсініктерін қалыптастыруда танымдық белсенділіктерін дамытуды жалғастыру. Жолжелкеннің ерекшелігі мен емдік қасиеті туралы білімдерін молайту. Бақылау барысы Тәрбиеші әңгімесі -Жолжелкен қазақстанның барлық жерінде өседі. Көше бойлап келе жатсаң жол жиегінде, өзен бойы, шалғындық алқаптарда көптеп кездеседі. Сондықтан да болар бұл өсімдікті «жолжелкен» деп атайтыны. Адам аяғы баспайтын жерлерде	Мамыр Серуен-Бақылау № 20 Жәндіктерді бақылау Мақсаты: «Жәндіктер» сөзінің мағынасы туралы түсініктерін тиянақтау; — Оларды тіршілік ету ерекшеліктеріне қарай салыстыра білуге үйрету. Бақылау барысы Тәрбиеші жұмбақтар жасырады: *Гүлдің нәрін жинайды, Адамға бал сыйлайды. Еңбекқорды аялайды, Еріншекті аямайды. Бұл не? (ара) *Қанды сорып сүліктей, Ызыңдап кеп шағады. Бұл қандай бүлік дой? (маса) *Ызыңдап ән салып,		

	<i>Ақ ұлпалар заулайды. Кәдімгі бақбақ көктемнің тұңғышы. Халық оны «Жер күні», «денсаулық эликсирі» деп атайды. Бақбақ көп жылдық шөптес өсімдік. Олар көбінесе үлкен жүргінші жол бойында, егістікте, шабындықта, жаңа тыңая бастаған жерлерде өседі.</i> Бақбақтың гүлді сабақтары жапырақсыз, ең ұшында бір ірі гүл табақшасы болады. Бақбақ басын күн қызуына қарай бұрады. Күн батқан кезде гүл жапырақтары жабылып қалады, ал, таңертең күн сәулесімен бірге ашылады. Бақбақ-тың гүл оралғысы екі қабат. Сәуір айынан қыр-күйек айына дейін гүлдейді. Гүл жарып болған кезде гүлдері ұлпа үлпілдек «парашюттерге» ай- налады. Бақбақтың барлық бөлігі, әсіресе сабағы сүт сымаққа бай. Бақбақ дәрілік өсімдік. Дәрі жасау үшін бақбақтың тамырын, гүлін, жапырағын пайдаланады. Бақбақтан жасалған дәрілер тәбетті ашуға, ас қорытуға, қан қысымын түсіруге, қатты ісіктерді басуға, ыстықты түсіруге тағы басқа көптеген ауруларды емдеуге пайдаланады. Бақбақты ең қажет дәрілік өсімдік ретінде сақтап, қорғау керек. Балаларға сұрақтар. ♦ Бақбақ гүлінің түрі қандай?? ♦ Ол жылдың қай мезгілінде әдемі болып көрінеді?	<i>жолжелкенді кездестірмейсің. Күзде жолжелкеннің гүлдері тұқым шашқан кезде, ол аяқкиімге жабысып барып, басқа жерлерге дәnniң түсуіне байланысты, кез келген жерде өсіп шығады.</i> <i>Жолжелкен маусымнан қыркүйек аралығында гүлдейді. Оның жапырақтарын маусым, шілде айларында жинайды.</i> <i>Жолжелкеннің жапыраған сабағымен қоса бүлдірмей алып, көлеңке жерде кептіреді. Жолжелкеннің жапырақтары дене сыртындағы аққан қанды тоқтатуға, күйген жараға, іріңді ісікке, шиқанға қолданылады. Жолжелкеннің шырынын жәндіктер шаққан жерге, асқазан ауруына, шанишуга, мұрыннан қан аққанда және дизентерияға пайдаланады.</i> <i>Балаларға сұрақтар:</i> ♦ Мамыр айын халықта қалай атайды? (шешек айы) ♦ Өсімдіктер қай жерде бар да, қай жерде жоқ? (күннің көзі көп түскен жерде бар) ♦ Көлеңке, ылғал жерлерге әлі шөп шықпаған, неге? (өйткені ло жер әлі салқын) ♦ Мамыр айындағы жаңбырдан соң шөптерде қандай өзгерістер болады? (олар бұрынғыдан да жасылдана түседі) ♦ Мына өсіп тұрған өсімдік қалай аталады? (жолжелкен) ♦ Оны неге олай атаған? ♦ Жолжелкеннің қандай	Жүп-жұқа қанаты. Тәттіге тамсанып, Қоқысқа қонады. Бұл не? (шыбын) *Құжынаған жұмыскер, Бірлескенде тым іскер. (құмырсқа) *Тор тоқуға шебер-ақ, Бірақ киім тікпейді. Өнері де өнер-ақ, Бірақ ісі бітпейді. (өрмекші) Тәрбиеші сұрақтары. ♦ Жұмбақ жауаптарының шешуінде айтылғандарды бір сөзбен нелер деп атаймыз? (жәндіктер) ♦ Тағы қандай жәндіктерді білесіндер? (көбелек, құрт т.б.) ♦ Қандай жәндік гүлдерді тозандандырады? (аралар) ♦ Көктемде жәндіктер өмірінде қандай өзгерістер болады? (көктемде жұмыртқалардан личинкалар өсіп шығады) ♦ Жәндіктер қайда тіршілік етеді? (бақтарда, ағаштарда, су тоғандарда т.б.) ♦ Қандай жәндіктердің пайдасы бар? (ара, жібек құрты, құмырсқа). ♦ Қандай пайдалы жәндік орман, тоғайларды зиянды жәндіктерден қорғайды? (құмырсқа) ♦ Масаларды неге зиянды жәндік деп атайды? (олар әртүрлі ауруларды тасиды) ♦ Зерттеу жұмысы Қанқызын тауып, оның атын атау. Құмырсқалар «соқпағын» табу, бақылау.		
--	--	---	--	--	--

	♦ Бакбактың қандай лақап аттары бар? ♦ Бакбакты неге дәрілік өсімдік дейміз? Зерттеу жұмысы: Бакбактың сабағын кесіп, сүт сияқты сұйықты қарау. Еңбек. Гүл егілген алаң айналасын тазалау. Мақсаты: Үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін бағалауға тәрбиелеу. Қимылды ойын «Өз гүлінді тап». Мақсаты: — түстерді айыра білуге, белгі бойынша әрекет етуге үйрету. Жаттығу ойыны. Қимылдарын дамыту Мақсаты: - Қимыл белсенділіктерін арттыру; Ұзындыққа секіруге жаттықтыру.	көмегі бар, кім біледі? Зерттеу жұмысы Лупа арқылы жолжелкен жапырақтарын қарау, ерекшеліктерін табу. Өгейшөппен жолжелкеннің айырмашылық-тары мен ұқсастықтарын айыру. Еңбек: Ойын алаңын тазалау. Мақсаты: бірлесе еңбек етуге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Қимылды ойын: «Бәйге». Мақсаты: жеңіске деген құштарлықтарын арттыру, жылдамдықтарын дамыту. Жаттығу ойыны: Дыбыстар арқылы жүру Мақсаты: тепе-теңдікті сақтау, берілген дыбыс ырғағына қарай қимыл жасау. Мақал-мәтел: <i>Дана көптен, дәрі шөптен. Құнарлы шөп, қосымша сүт.</i>	Еңбек: Алаңды қоқыстардан тазалау. Мақсаты: үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін қадірлеуге тәрбиелеу. Қимылды ойын «Аюлар мен аралар». Мақсаты: кеңістікте жүкіру, ұстап алуға, ұстатпауға тырысу. Ептілікке, жылдамдыққа баулу. Жаттығу ойыны: Қимылдарын дамыту. Мақсаты: жүкіру техникаларын жақсарту. Халық болжамы: күзде құмырсқа илеуі биік болса, қыс ұзақ әрі қатты болады.		
Балаларды үйге қайтару. Уақыты: 12.30 – 12.40					
«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу. Балаларды үйге қайтару. 12:30-12:40	Ата –аналарға кеңес - баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады.	Ата –аналарға кеңес Ешқашан балаға қол жұмсамаңыз. Қиын жағдайда үнемі бірге болыңыздар	Ата –аналарға кеңес - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет студия алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.		

Мектепалды 0 «А» сыныбының тәрбиешісі:

